

БЕКІТЕМІН

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» НПЖК КМЖ
директорының м.а.


Жарыбекова Ж.Н.
2023 ж.

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы

ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жамбыл жоғары медициналық колледжіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң).
2. Осы Ереже Жамбыл жоғары медициналық колледжіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындастырып, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.
3. Жамбыл жоғары медициналық колледжі өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Ережені ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.
4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.
5. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – Жамбыл жоғары медициналық колледжі мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
 - 2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
 - 3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз

лауазымдық міндеттерін орындауына және (немесе) тиісінше орындауына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін өзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. Жамбыл жоғары медициналық колледжіне негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функцияларын орындастырып жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастырып жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функцияларын орындастырып жауапты тұлға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобы, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысы айқындалады.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобына, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Жамбыл

жоғары медициналық колледжінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен үштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Занмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Жамбыл жоғары медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобы, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысы бекітеді.

2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты Жамбыл жоғары медициналық колледжі мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы заннамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) Жамбыл жоғары медициналық колледжі мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

14. Жамбыл жоғары медициналық колледжі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясаты;

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

Жамбыл жоғары медициналық колледжіне мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

Жамбыл жоғары медициналық колледжі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал

бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) Жамбыл жоғары медициналық колледжіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаужүргізуі үйлестіреді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Жамбыл жоғары медициналық колледжінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) Жамбыл жоғары медициналық колледжі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

- 9) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
- 11) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің жауапты тұлғасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындаудына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 12) мұдделер қақтығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмысқа орналастыру, сатып алу мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 15) Жамбыл жоғары медициналық колледжіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және /немесе оларға қатысады;
- 16) Жамбыл жоғары медициналық колледжіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 17) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің жауапты тұлғасы мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Жамбыл жоғары медициналық колледжінің жауапты тұлғасы мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;
- 19) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
- 20) Жамбыл жоғары медициналық колледжі қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қақтығысының туындаудына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
- 21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, Жамбыл жоғары медициналық колледжімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;
16. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Жамбыл жоғары медициналық

колледжінің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғаны тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және енбекке ақы төлеудің шарттарын айқындауды.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне жауапты тұлға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғаның ұсынуы бойынша Жамбыл жоғары медициналық колледжі басшысының шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғаның функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады және оларды Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысы бекітеді.

20. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобына, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлға көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысына ұсыныс береді.

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің атынан Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жауапты тұлғасы қол қояды.

22. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлға комплаенс саласындағы үәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

23. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

- 1) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;
- 2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысына сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын

- мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;
- 3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) өз құзыretі шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;
- 7) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;
24. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:
- 1) Жамбыл жоғары медициналық колледжі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштың сақтайды;
- 2) Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялыштың қамтамасыз етеді;
- 3) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобын, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;
- 5) Жамбыл жоғары медициналық колледжінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.
25. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғасына:
- 1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;
- 3) құпия ақпаратты жеке мұддеге пайдалануға;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;
- 5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;
- 6) мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

26. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшылығы:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (үйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дереккорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне келесідей жәрдемдеседі:

- 1) осы Ереженің 14-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындастырын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің есептілігі

29. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Жамбыл жоғары медициналық колледжінде қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

30. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Жамбыл жоғары

медициналық колледжінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобына, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсізбасқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысына мерзімді түрде есеп береді. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.